Құс тұмауынан сақтану шаралары толық жасалды

Әлемді сарсылтып қойған құс тұмауының, Құдайға шүкір, біздің елімізде ошағы жоқ. Елдегі жағдайды ТЖМ мен Ауыл шаруашылығы министрлігі қатаң бақылауда ұстап отыр. Көктемде жыл құстарының ішіндегі бірліжарым шетінеу болмаса, әзірге бұл пәледен аманбыз. Дейтұрғанмен де, «сақтансаң сақтаймынды» ойлап тапқан қазақ өзіміз ғой. Соның бір дәлелі — ТМД-дағы құс тұмауына қарсы вакциналардың ең көп қоры Қазақстанда көрінеді. Осылай деп Үкіметіміз хабарлап отыр. Бүгінгі таңда елімізде құстарды егуге арналған 9,9 млн доза вакцина, 15 мың доза арнайы «Тамифлю» дәрісі бар екен. Сондай-ақ, республиканың әр аймағында құс тұмауымен күрес штабтары ашылған.

БҰҰ-дағы Комиссия Кеңес болып қайта құрылды

Осыдан 60 жыл бұрын II Дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдегі тыныштықты сақтау мақсатында дүниеге келген БҰҰ әлем алдындағы беделін төмендетіп алды. Бұған бұл ұйымның соңғы жылдары әлемнің әр жерінде тұтанған дау-жанжалдарды шешуде әділ төрелік айта алмай, Еуропа мен АҚШ-қа көбірек бүйрек бұратыны себеп. Оның үстіне адам құқықтары аяққа таптальып отырған Судан, Зимбабве, Сирия, Непал, Эритерия, Эфиопия сынды елдердің адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамында жүргені әлемнің құқық қорғаушылары тарапынан бірнеше дүркін сынға ұшырады.

Сол комиссия жуырда Кеңес болып қайта құрылып, жоғарыда аталған елдер Кеңестің мүшелігінен шығып қалды. Адам құқықтары жөніндегі жаңа Кеңестегі 47 орынға 13 африкалық, 13 азиялық, 3 Шығыс Еуропалық, 8 Латын Америкасы мен Кариб алабы елдері және 3 Батыс Еуропалық және солтүстік-американдық елдер еніп отыр. Алайда, халықаралық Human Rights Watch құқық қорғау ұйымы Куба, Қытай, Сауд Арабиясы, Пәкістан, Ресей және Әзербайжан мемлекеттерін адам құқықтарын бұзып отыр деп айыптап, БҰҰ-ның жаңа Кеңесіне мүше болуға лайық емес деп санайды.

Рауан СӘБИТҰЛЫ

Ауғанстанға арақ апара жатыпты

Өзбек шегарашылары Қазақстаннан Ауғанстанға заңсыз жолмен арақ алып өтпекші болған темір жол жүк контейнерін ұстады. Жүктің құжаттарында Қазақстандық фирма Ауғанстандағы бір кәсіпорынға 100 бөшке солидол майын жеткізетін болып келіскен. Алайда тексеру барысында солидолдың бөшкелерінен құны 10000780 өзбек сомы болатын 7400 бөтелке арақ табылды. Осыншама контрабандалық жүктің қазақ шегарасынан асып, өзбекауған шегарасына дейін еш кедергісіз өткеніне таңбыз.

Қуат ӘУЕСБАЙ

«Ана тілінің» ақпаратар айнасы

Елбасы Жолдауына орай



Дағжан БЕЛДЕУБАЙҰЛЫ
«Ана тілі»

Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап түлете береміз.

Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан.

ҮМБЕТОВТЫҢ БАЯНДЫ БАСТАМАСЫ

Анау, ақбас шыңдардың түндігін желпілдетіп, айналадағы адырлардың босағасын дүбірлетіп ауыздығымен алысқан сәйгүліктер мәреге жақындап қалғанда, айғай қиқудан құлақ тұнғанда орнында байыз таппай бір отырып, бір тұрған облыс әкімі «Мынау балалар емес өзім шауып келе жатқандай болып тұрмын...» — дегені бойында қазақы қаны қайнаған адамның сөзі. Қайсыбір биліктілердің болмысынан табылмайтын қасиет.

Жә, енді бәрін басынан бастап айтайықшы. Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында бір-екі емес 19 қымызхана ашылмақ. Осы ақпаратты естігенде таң қалдық. Сөз жоқ бұрын еш облыста болмаған тосын жаңалық. 19 болатын себебі — Балқаштан Алакөлге дейін ұланғайыр аумақты алып жатқан облыста 19 аудан бар. Әр аудан өзінің қымызханасына өзі, дәлірегі — аудан әкімі тікелей жауап береді.

Облыс әкімінің бұл бастамасының пайдалы қырлары өте көп. Алдымен қымызханаларда ұлтымыздың барлық тағам түрлері жасалатындықтан, біршама жұмыссыз адамдар жұмысты болыпты. Екіншіден ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлердің қалтасы қалыңдайды. Ең басты пайдасының бірі — Серік Әбікенұлы емеурінмен білдіргендей:

— Қазақ арақ-шарап, сыра ішкенше, қымыз, шұбат ішсін. Өйткені, атасынан қалған асы.

Ол кісінің былай деуіне себеп жеткілікті. Облыс халқының денсаулығы әлі де түзеліп кете қойған жоқ. (Әрине тікелей денсаулық сақтау саласына да аз қаржы бөлініп жатыр дей алмаймыз. 2003 жылы 4 млрд 380 млн теңге бөлінсе, биыл 12 жарым млрд қаржы құйылуда екен.)

Ал Талдықорған қаласы да еліміздегі орысқолды қалалардың бірі болып есептеледі. Шаһардағы 26 орта мектептің 5-і ғана таза қазақша оқитынынан-ақ біраз нәрсені аңғаруға болады. (Халқының 60,6% қазақтар, 29,1% орыстар.) Қаланың халық тығыз орналасқан 19 тұсынан ойып тұрып орын алған ақшаңқан киіз үйлер қалаға қазақы ренк беріп тұр. Мұның өзі сыртқөзге де, жас ұрпаққа да жергілікті ұлтқа деген құрмет сезімін пайда болдырмақ.

Талдықорғанның Алматы жағынан кіре берісінде Іле ауданының ауылы келіп қоныстанғандай әсер алдық. Себебі олар сауатын түйелеріне дейін киіз үйлерінің қасына әкеліп қоражай жасап қойыпты. Еңбекшіқазақ ауданынан келген Анар Батталованың айтысында қымыз күн сайын Талдықорғанның сыртындағы Еңбек ауылынан, шұбат ауданның өзінен жеткізіліп тұрмақ. Қымызхана меңгерушілерінің барлығы басқосып келіскен баға қымыз — литрі 200, шұбат — 300 теңге.

Алакөл аудандық Дәулет Жұбандыковтың пайымдауынша халық өзінің салт-дәстүрін әбден сағынған. Киіз үйдің шаңырағын көтергеннен шұбырған халықта есеп болмапты. Ұйғыр ауданының қымызханасын Қытайдан 2002 жылы көшіп келген Мейрамгүл Смағұл деген әйел оюөрнекпен, кестемен әшекейлепті.

Байқағанымыз — ұлттық сусынымызға сұраныс танытып жатқандардың ішінде өзге ұлт өкілдері де аз емес көрінеді.

Біз басында сөз еткен аламан да, қымызханалардың ашылуы да Ұлы жеңістің 61 жылдығына орайластырылыпты. Бәйге демекші, ұлттық ат спортының барлық түрлері бойынша бәсеке ұйымдастырылды. Көкпар, аударыспақ, теңге алу, құнан жарыс, жорға, топ бәйге, аламан. Осылардың ішінде әдеттегідей бәйге өте қызғылықты өтті.

Бірақ бәйге деген намыс. Қанша өз ағайынымыз болса да осы жолы да тігілген 4 машинаның екеуін (топ бәйге мен жорғада) қырғыз ағайындар қанжығалап кетті. (Алматыдан өзге Жамбыл, Қызылорда облыстарынан небір дүлдүлдер келіпті.) Айтайын дегеніміз, қазақтың атсейістері жылқы баптау ісін әлі толық меңгермей келе жатқандай. Бақ емес көбіне-көп бап шабатынын ескерер күн әлдеқашан жетті атсейістерге.

Сонымен қазақ бол деп айту бар да, көрсету бар. Ұлтқа ұрысқаннан гөрі көрсетіп үйретсек игі. Талдықорған қаласының әр пұшпағына орналасқан ақбоз үйлердің босағасын аттаған әрбір қазақ өзінің ұлтының қадір-қасиетін сезінсе, одан артық насихаттың қажеті шамалы. Алматы облысы әкімінің бұл бастамасы барлық әкімдерге үлгі боларлық.

Толғауы тоқсан

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Қазақстанның болашағы –

(Басы 1-бетте.)

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы ел өміріндегі ең маңызды оқиғанын бірі деп білемін.

Соның арқасында біз тіліміздің республикамызда барлық деңгейде қарым-қатынас құралына айналғанын сезіндік. Өйткені, егемендікпен бірге халықтың рухы оянды, тарихи жады сілкінді. Бағзы құндылықтарымызға деген қадір-күрметіміз артты.

Есінізде шығар, Кенес дәуірінде миллион тұрғыны бар Алматыда жалғыз қазақ орта мектеп-интернаты болғаны. Тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап қазақтар негізінен балаларын өз тілінде оқытуға көшті. Мектепке оқушы сыймай, үш ауысымда сабақ жүргізіп, жаңа мектеп салуға қаржы жетпей дағдарған сәттеріміз әлі көз алдымда.

Қазір ол қиындықтың бәрі артта қалды. «Орыс тілін неғұрлым жетік игерсек, коммунизмге соғұрлым тез барамыз» деген Хрущевтың сынаржақ қағидасы негізінде тың игеру жылдары Арқадағы облыстарда 700-ден астам қазақ мектебі жабылған. Бүгінде түгелге жуық қайтадан ашылды. Соны технологияға сай жабдықталған қаншама жаңа мектеп ірге көтерді. Мұның бәрі қазақ тілінің қамы емес деп кім айта алар?!

Жасырары жоқ, Кенес дәуірінде қазақ тілінің болашағы бұлыңғыр деген пікір қалыптасты. «Орысша оқымаса нан сұрап жей алмайды», — деп баламызды өзге тілге ауыздандырып баққан өзіміз емес пе? Енді керісінше, қазақ тілін білмесе, несібесінен қағылуы ғажап емес.

Кенес кезінде Үкімет пен Парламенттің, әсіресе партияның алқалы жиындарын қазақ тілінде өткізгенін өз басым көрген емеспін. Қазіргі олардың бәрі бірдей сайрап тұрмаса да, ынтасы зор. Өйткені қазақ тілінің келешегіне деген сенім нығайды. Талап та күшейді.

Еліміз көп ұлтты мемлекет болған соң тіл мәселесін тізеге салып шешуге болмайтынын да ұмытпаған абзал. Сондықтан түрлі аудитория алдында жиналған қауымның кескін-келбетіне қарап екі тілде сөйлеуге мәжбүр боламын. Тілті менің осы әрекетімді сөгетін ағайындардың да бар екендігін сеземін. Сезе тұрсам да, әзірге басқаша істеуге болмайтынын тағы да білемін. Барлық құжаттарға екі тілде қол қоямын. Мені Қазақстанның барлық халқы сайлады, сондықтан барша халық сөзімді түсініуі керек емес пе?!

Кейде өзге ел Президенттерінің тек өз тілдерінде еркін көсілгенінде қызығамын, бірақ олардағы демографиялық жағдай басқаша ғой. Дегенмен, қазақ тілі үшін менің тарапымнан атқарылуға тиіс шаруаны түгел жасадым деп есептеймін.

— Әлі күнге, Нұраға, орыс тілінің үстемдігі айқын сезіледі деген пікір басым. Бұған не уәж айтар едік?

— Бір жақтылық басым дер едім. «Өлген буранын басынан тірі атан шошыпты» деген, келмеске кеткен Орталықтың озбыр саясатынан қалған, әлі күнге содан қауіп еткендердің шошыма пікірі.

Біз бұл сыннан абыроймен өткенбіз. Ішкі және сыртқы саясатта сындарлы бағыт ұстануымыздың арқасында әлеуметтік қатерлі сілкіністерге жол бермей, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қалдық. Сол кезде іргедегі көршілеріміз Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстанда орын алған оқиғалар, Әзербайжан – Армения дағдарысы, Днестр бойындағы тайталас, Грузиядағы сілкіністер, Шешенстандағы соғыс...

Жүзден астам ұлттар мен ұлыстар жайлаған Қазақстанды қуатты дүмпулердің ошағына «айналдырған» сан түрлі саяси сәуегейлердің болжамдарының бәрі де теріске шықты. Біз мұнда, тек тіл мәселесінде ғана емес, жалпы қоғамның ішкі сұраныстарын, әр түрлі топтардың талап-тілегін көп этносты мемлекеттің мүддесіне сай келетін салиқалы саясат ұстануымыздың арқасында шештік деп нық сеніммен айта аламыз. Тәуелсіздікті, экономикамызды, елдің әл-ауқатын оздырып, топ жарып, алдыға шығып жүргеніміз еліміздегі бейбіт өмірдің арқасы екенін ешқашан ұмытпаған жөн.

Туған тілімізге тиісті мәртебе беруде біз ешкімнен кейіндеп, кешеуілдеп қалғанымыз жоқ.

Өздерінізге мәлім, біздің Ата Заңымыздың 7-бабының 2-тармағында: **«Мемлекеттік уйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады»**,– деп жазылған. Бұл қағидада, менің пікірімше, ешкандай қиғаштық, кереғарлық жоқ. Мәселен, орыс тілі — Тәжікстанда ұлтаралық қатынас тілі, Белорусьте — мемлекеттік, ал Қырғызстанда ресми мәртебесі бар тіл.

Мен бүгінгі күннің өзінде әлемдегі ең көп тараған тілдердің бірі саналатын орыс тілінен үзілді-кесілді бас тартуды қаламас едім. Абай дананың заманында орыстың тілін дүниенің кілтіне балаған, оны меңгеруге шақырған өсиеті әлі де маңызын жойған жоқ. Ұлы ойшылдың: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, ғылым да – бәрі де орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», — деген сөздері әрдайым менің жадымда жаңғырып тұрады.

«Тарих толқынында» атты кітабымда жазғанымдай: «Ешкандай жасырын-жабары жоқ, орыстың ұлы мәдениетіне қатысты және оның қазақтарға деген шапағаты жөнінде менің ниетім белгілі. Сонымен бірге күні кеше ғана орыс әдебиетінің ұлығы туралы сере шығатын монографиялар жазып, енді бүгін солтүстікке қарап топырақ шашатындардың да нәуетек ниеттерін қолдамаймын». Әлі күнге дейін осы пікірімдемін.

Ұлт пен тіл мәселесіне келгенде, ең бастысы, ұлттық оқшауланудан, томаға-тұйықтықтан қашу керек.

— Ресейде «Абай жылы» жарияланып, көкетің алғашқы аптасында дала даныпшанының Мәскеудегі ескерткішін аштыңыз. Бұл республика мәдени өміріндегі ең елеулі оқиғаға айналды. Қазақтың құнарлы сөзінің құнын білген де Абай еді ғой...

— Іргелес жатқан орыс мәдениетін, әдебиетін алғаш таныған, зерделі ой айтқан, Пушкиндей тұлғаласының сүбелі туындысын сынып бұзбай төржімалап, өуен арнап өне қоскан Абай атамыз тек әдебиетіміздің ғана емес, исі қазақтың ары мен адамгершілігінің, кендігі мен елдігінің, намысы мен нарлығының символы деп білемін.

Міржақып Дулатов кезінде: **«Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына соншa жақындармыз. Үнемі бұл күйде**

Қызылжардағы қазақ балабақшасының бүлдіршіндерімен бірге

түрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. Бірінші ақынымыз деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғанар», — деп әулиелік сөз айтқан.

Қазақ елі кешегі Кенес Одағы үшін қандай құрбандыққа бармады? Әке мен баланы жағаластырып қойған қызыл күйін, ақ боранды көрді. Ұлы Отан соғысын қоса кешті, тыңын бірге көтерісті. Бар байлығын Орталыққа тасып, қызыл-жасыл дүниені қызыл өкшесімен басты. Ойындағысын орындатты. Өйткені, қиғыр қылыш төбеде ойнап тұрды. Бұл өткен күнге деген ашу-араздық емес, ақиқаты осы еді.

Бірақ, осы қазақтардың да мерейі үстем болсын, айбыны ассын, ақылман Абайына Мәскеу төрінен аядай жер қияйық, ескерткішін әспеттеп қояйық демеді.

Сол тұстағы Мәскеу тағайындаған республика басшылары ұмсынғанмен, бұл игілікке қолдары жетпеді.

Егеменнің ерке самалы ескен шақта, алыс-жақынға ұлық-өнегесін жайған Абай ескерткішін мұнаралы Мәскеудің төріне орнықтырсам, Абайды тану – қазақты тану, оның берекелі бүгіні мен баянды болашағын мойындау ғой деп армандаушы едім.

Енді міне:

«Өлді деуге бола ма айтындаршы,
Өлмейтұғын артында
сөз қалдырған», —

деп қазақтың дана шалы далиған шапанын қаусырып, ормандай көп орыстың төріне жайғасты.

Біле-білсек, бұл ескерткіш — ұлтымыздың абыройы, елдігіміздің белгісі, кейінгі жас ұрпақтың мерейі.

Осы сапардан соң еліміздің әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлерінен, қарапайым еңбеккерлерінен ризашылыққа толы қаншама хаттар алдым.

Бұл – тек Абайдың емес, сонымен бірге елдігіміздің де ескерткіші деп білейік.

— Сол сапар Ресей Мемлекеттік Думасында сөз сөйлеп, екі ел арасындағы заңнамалық құрылымның ынтымақты іс-әрекеті, достық сабақтастығы жайында тебірене толғадыңыз. Депутат А.Буратаева болса: «Назарбаев Азияның абыройын көтерді», — деп сұхбат беріп жатты. Дума өзінің бір қасырлық мерейтойын атап өткелі отыр. Ресей парламентаризмінің қалыптасуына қазақ халқының озық өкілдері де ат салысқан...

— Иә, алуан көзқарастар қайшыласқан, алуан ойлар тоғысқан Дума мінберінен сөйлеген сөзімде жалпы әлемдік ахуал, қазірде қай елдің де басты назарында тұрған саяси-экономикалық, экологиялық, адамгершілік құндылықтар жайында ой өрбіткенімді білесіздер. Дәлелді сөзіміз, дәрменді пікіріміз ерекше ықылас тудырып, Дума депутаттары тарапынан жанжақты қолдауға ие болып жатты. Біле білсеңіз, бұл маған ғана емес, бүкіл Қазақстанға көрсетілген құрмет деп білемін.

Жалпы, Ресей Думасы — мінезді мекеме. Талай-талай елдердің аузымен күс тістеген саясаткерлерінің өзін мойындамай, өз ұстанымдарын алға тосып, тегеурінді қарсылық көрсетіп жатады. Өз Президенттеріне де әлсін-әлсін тосын мінез танытып қоятыны бар. Бұл – көзқарас еркіндігі қалыптасқан қоғамға тән құбылыс. Оның еш сөкетігі жоқ.

Мәселе тек Думада сөз сөйлеуде емес. Ондай мәртебелі де міншіл мінберге көтерілген сайын күллі қазақ елінің атынан сөз алып, халқымыздың пайымы мен пасқаны, ізгілігі мен іскерлігін, мәртігі мен жан жылуын өзгелерге жеткізуді, дәлелдеуді мақсат етесің.

Жұлдыздың жаманы Айды күндейді. Атын атап, түсін түстемейақ қояйын, Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттеріне дегенде сынаржақ сөйлеп бағатын кейбір саясаткерлер сол сапарда еліміздің ерен жетістіктерін мойындап, мақтау-марапаттаулар айтып жатты. Осының бәрі маған ғана емес, күллі қазақ халқының атына көрсетілген құрмет деп қабылдауымыз керек. Еңсесі биік елдікке есі кеткен ғана топырақ шашады...

Жаңа өзің Ресей парламентаризмінің қалыптасуына ат салысқан азаматтарымызды еске алдың. Өте дұрыс. Заманында еліне – пана, жеріне – қорған болған он екі арысымыз Ресей Мемлекеттік Думасының мүшелігіне сайланған. «Жақсының атын білген жарым ырыс», олардың өзіз есімін тұтастай атап өтейін: Аллабергенов Тілеулі – Сырдария облысынан, Біримжанов Ахмет – Торғайдан, Бөкейханов Әлихан – Семейден, Жантөрин Сәлімгерей – Уфадан, Қалменов Алпысбай – Оралдан, Қаратаев Бақытжан – Оралдан, Қосшығұлов Шәймерден – Ақмоладан, Құлманов Бақытгерей – Астраханнан, Нүрекенов Темірғали – Семейден, Тайынов Молла – Жетісудан, Тұндытов Ноян – Астраханнан, Тыныштаев Мұхамед-

туған тіл

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

жан – Жетісудан сайланған.

Бұлардың әрқайсысы өз дәуірінің тұлғасы еді. Олардың Дума мінберінен көтерген мәселелері, көзқарас кендігі, тіл мен діл, дін, дербестік жайлы ұстанымдары тым салмақты.

Халық тағдыры тұрғанда қара басының қамын ұмыптан арыстарымыздың ауызбірлігі талайларға үлгі. Әттең, «татуға – тіл, сұңғылаға – сұқ өтеді» деген бар. Замананың тар жол, тайғақ кешуіне тап келді...

Демек, Ресей Думасының бір ғасырлық тойына біз де еншілеспіз. Аты аталған арыстарымыз сол парламентаризмнің бастауында тұрды. Шаңырағын көтерісті, уығын шаншысты, білім, парасаты мен беделін үстеді...

Ендеше, арманда кеткен ағалардың осы салтанат қарсанында атын ардақтау, аруағын жаңғырту — парызымыз.

— Нұраға, Астанаға өзіңіз көш бастадыңыз. Ол қазіргідей бозторғай жұмыртқасын әнмен шайқаған заман емес, қиын-қыстау тұс еді. Бұл ұлы көштің астарында қандай мүдде жатты?

— Оған бір сөзбен жауап беру қиын болар. Оның астарында саяси, экономикалық әрі рухани мүдде жатты. Астананы ауыстыру жөнінде шешім қабылданысымен, 1997 жылы ақпанның ақ шұнақ аязында өзім бас болып Ақмолаға бір қауым елді, шетелдің елшілерін алып келіп, жаңа қоныстың жай-күйімен таныстым.

Астанамызды Алматыдай пейіштің төрінен Арқаға не үшін ауыстырдық деп ойлайсыз? Еріккеннен бе? Ат шығарып, атақ қалдыру үшін бе? Жо-жоқ, бауырым.

Қазақ — қазақ болғалы тұңғыш рет дәл осындай ауқымда тәуелсіз ел болды. Сол елдіктің белгісі ез Астанасын елдің шетінде емес, дәл ортасында орнатып, жаңа мемлекеттің мерейін үстем ететін, экономикасына жаңа дем, жаңа күш беретін, жастарға жаңа бағыт көрсететін, елдің болашағына сенім ұялататын бастама қажет болды. Екіншіден, әсем Алматыға салмақ сала беру, қалаға өте ауыр болатын еді.

Арқадағы бес облыстың басын салудаға салғысы келген Солженицын сындылардың сандырағы мен қару-жарағын жаңқылдатқан казахстеншілер сол кездегі іс-әрекеттері елімізді қатты елендеткен жоқ па?

Ал, заманындағы нәубеттен, «ақ сүйек» атанған жылдардан соң бұл өлкенің қазағы тұрғындардың 10-20 пайызын ғана құрап, онын орнын «тың көтеруге» келген ормандай ел басқан жоқ па еді?

Сол кезеңде бірі шекер, бірі бал, бірі қайың, бірі тал өнкей қаракөз қалқам өз тілінде міңгірлеп, өзге тілде жаппай күмбірлеп тұрған жоқ па еді?

Ақыры он ойланып, жүз толғанып Алматының зиялы қауымын, еліміздің қазақ тілді қабырғалы жұртын соныма ертіп көш бастадым. Шүкір, көшіміз көлікті, ісіміз өнікті болды.

Сол тұстағы қым-қиғаш көзқарастар мен ішкі, сыртқы саяси ахуал, қорданалып тұрған шегара, тілдік проблемалар баяулықты, бейжайлықты көтермейтін еді.

Қазірде көргеннен көзақы алуға тұрарлық «Ақорданың» биік қабатынан күн сайын көкке өрлеп бара жатқан Астананың бітім-болмысына қарап тұрып ұзақ ойға шоматыным бар. Сол тұстағы ұлы төсегіннен безінген жанталас тірлік, қаржы жетпей қайта-қайта тоқтаған құрылыс, жылу мен су машақаты, қаңқу сөз талай жүйкеге – жүк, жүрекке – салмақ салған.

Астана жат пен жақынды тамсантып, бүгінде нұрға бөгіп тұрса, мұнда халықаралық конкурста АҚШ, Австралия, Италия, Франция, Корея сынды 50 елден келген жоба ішінен жеңімпаз деп танылған жапон концептуалисі Кисо Курокаваның айқын қолтанбасы жатыр. Заманымыздың аса көрнекті сәулетшісі, Астана қаласын дамытудың Бас жоспарының авторы әрбір ғимарат пен тұрғын үйді күмбез бен киіз үй пішініне, қозғалыс ыңғайына, табиғатпен, қоршаған ортамен ішкі бірлігіне бағындыра отырып үйлесім енгізген.



Мәскеу мемлекеттік университетінде оқитын қазақ жастары арасында

Осы ғажайып ғимараттар симфониясына өз тарапымнан өзгерістер енгізген кездерім аз болған жоқ. Бұл туралы «Еуразия жүрегінде» атты кітабымда егжей-тегжейлі айтқанмын. Сонда да Астананың алдағы, тіпті екі-үш жылдық болашағының өзі тағы бір кітапқа сыймас. Биыл қыркүйектің қасиетін асыру, қара қазан, қызыл қарын жас баланың қамын ойлау.

Облыстарға жасаған сапар барысында жапырағы жайылған отбасына міндетті түрде ат басын бұрамын. Шалқайма төрінде отырып, ақ дастарқанынан дәм татып, ақсақалымен кеңесіп, кейуананың лебізін естіп, сәбилердің өнеріне маркайып аттанамын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кезіккен қонторғай қиындыққа – салауат, қазіргі – мейманалы дәуереніне қанағат айтып отырған енбеккер ел-жұрттың аузынан небір әуезді сөздерді естіп мейірленемін.

Бір кездесуде ортаға шыққан қария: «Қонырау таққан құба нардай боп», — деп сөз бастады. Қойын кітапшама түртіп алдым. Қараңызшы, біздің тіл – қандай бейнелі, күдіретті тіл.

Мұндай ұлы байлықтың арнасы ортаймақ емес. Біз біртіндеп осы межеге келе жатырмыз.

Әлем тарихына үнілсек, тіл тұрмақ талай ел солақай саясаттың, экономикалық тұралаудың, ұлттық ашу-араздықтың, атыс-шабыстың кесірінен әлемдік тарих сахнасынан біржолата жоғалып кеткен жоқ па?!

Ақыры шешіліп сөйлеген екенбіз, қандастарыма мына бір жайды ашып айтқым келеді. Ел болашағы ауылда емес, қалада. Ғылым, техника, өнер, білім, мәдениет — бәрі қалада шоғырланған. Ешкімге ата қоныстан безін демейміз, дегенмен ашы да болса ақиқатқа негізделген осы шындықты аттап өтуге тағы да болмайтынын ұмыптау керек.

Демек, ұлы істі үндемей-ақ атқаруға болады. Айғыр шабысқа түсіп аттандағаннан ұтарымыз шамалы.

— Ахмет Байтұрсынов: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – депті. Кей тілдердің үстемдігінен қауіп етіп айтқан ғой.

— «Өлсек бір шұңқырда, шықсақ бір төбеде болармыз»,– деп анттасқан Алаштың ардақты ұлдарының көшбасы еді ғой Ахан...

Сталинді культке жеткізген, Хрущевка жүгері ектірген, Брежневтің төсіне металлолом үйдірген, ақыры социализмді тоқырауға әкелген не еді? Бұл Орталықтың озбыр саясаты, қошеметшілдік, аз ұлттардың тіліне, діліне, тарихи жадына деген астамдығы, өзім білемдігі еді. Ақыры күйрепі тынды.

Тіл үстемдігі де солай. Кенестік жүйенің іргетасы қозғалған бетте социологтар орыс тілі тағдырына қатысты нақты уәжін айтқан. Мұндай процесс отар елдерінен айырылған шақта кешегі сүт бетіне каймақ болған ағылшын, француз, испан тілдерінің де басынан өткен. Өйткені адамзат тарихында тіл жай қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – саяси, экономикалық өктемдіктің де басты құралы болып келді.

Біз тарихтың осы ашы сабағын ұмытпауға тиіспіз. Өзгені өкпелетпей, өз тіліне деген құрметін артсын.

Қазірде Тілдерді дамыту туралы 2001-2010 жылдарға арналған Үкіметтік бағдарлама бар. Осы бағдарлама аясында атқарылып жатқан істер менің қатаң бақылауымда тұр.

—Атап-атап айтсақ...

— Алдымен айтарым, егемендіктің ілкі кезеңінде жаңа мектеп салмақ тұрмақ, барының өзін ұстап тұру мұң болды. 1000-нан астам балабақша да осы аласапырандау тұста негізгі бағытын сақтамай жекешеленіп кеткен. Көптеген кітапханалардан да көз жазып қалдық.

«Мемлекеттік тіл» қозғалысының бастамасымен қазірде 300-дің үстінде зансыз жекешеленген балабақша қайтарылды. Бұл иғілікті іс қазір барлық облыстарда жалғасып жатыр. Мемлекеттің қолдауымен барлық балабақша бюджет есебінен қаржыландыруға көшті.

Енді жерде қандай кам-карекет жасауымыз керек? Осыған тоқталайын.

Біріншіден, жергілікті ұлт өкілдері басым тұратын өңірлерде ата-аналардың сұранысына қарай қазақ тілді балабақша санын тиісінше көбейту керек. Бұл – уақыт талабы. Әкімдермен болған ашық, жабық кездесулерде мен үнемі осы мәселені басты назарда ұстап отырмын. Балаларын қазақ тіліне бейімдеген басқа ұлт өкілдеріне мұндай балабақшаға жол ашық.

Екіншіден, қазақ мектептерінің санын өсіру және осы заманғы технологиянын ең соны жетістіктерімен жабдықтау парыз. Тәуелсіздіктің тәй-тәй шағында, қаржынын кем кезінің өзінде барлық мектептерді компьютерлермен камтамасыз етк1здім. Енді жерде лингофондық кабинеттер жасақталуы тиіс. Бұл іс кезең-кезеңімен жүзеге аса бастады.

Үшіншіден, республикамыздағы орыс мектептерінде қазақ тілі пәні жұмасына екі-үш сағаттық мөлшерде емес, қазақ мектептеріндегі орыс тілі сияқты аптасына бес-алты мәрте оқытылуы қажет. Сонда Қазақстаннын барлық мектеп оқушылары қазақ тілін еркін менгеріп шығады.

Төртіншіден, республика көлеміндегі барлық орта мектеп оқушылары бірыңғай ұлттық тестілеуде қазақ тілі пәнінен міндетті түрде сынақ тапсыруы тиіс. Демек, бұл шара қазақ тілін үйренушілерді мектеп жасынан ынталандыра түседі.

Бесіншіден, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерге оқуға жіберілетін жастарымыз қазақ тілін білгені жөн. Мұны Мемлекеттік хатшы Оралбай Әбдікәрімовке қатаң тапсырдым. Тәуелсіздік алғанымызға 15 жыл өткенде ана тілінде екі ауыз сөздің басын қоса алмайтындар ендігі жерде ойланулары қажет.

(Жалғасы 6-7- беттерде.)

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Қазақстанның болашағы –

(Басы 1, 4, 5-беттерде.)

Алтыншыдан, білім, денсаулық, сауда және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету саласы мамандарының қазақ тілін жетік меңгеруіне ұмтылуымыз керек.

Жоғары оқу орындарының, әсіресе ауыл шаруашылығына қатысты факультетте оқитын студенттердің оқулығы тек орыс тілінде емес, қазақ тілінде жазылуы тиіс. Сонда ғана жас маман халқының 98 пайызын жергілікті ұлт өкілдері құрайтын Қызылорда облысына барып түйе мен жылқының, сиыр мен қойдың, олардың төлдерінің, көкөніс пен жеміс-жидектің атауларын қазақша білетін болады, өйтпесе қалай қызмет істемек?! Бұл жоғары оқу орындарында білім алып жаттқан өзге де мамандық иелеріне тікелей қатысты өңгіме.

Жетіншіден, мемлекеттік қызметкерлердің қабілет-қарымдысына, соның ішінде қазақ тіліне қамшы салдырмайтындарына жан-жақты қолдау көрсетуіміз керек. Әсіресе мемлекеттік қызметке қабылданған қазақ қазақша сөйлеуі керек. Болмаса басқа ұлттың өкіліне қалайша мұндай талап қоя аламыз? Әр министрлік, өкімшіліктерге қазақ тілін оқыпатын курстар ашып, ынталыларға көмекті аямау керек.

Сегізіншіден, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне жетіктерін баспасөз, теледидардан жиі насихаттап, тіл, салтдәстүр, әдепке байланысты түрлі конкурстар ұйымдастыру қажет. Мысалы, өткен жылы мен еліміздің барлық облыстарын аралап қайттым. Сонда кейбір орыс, неміс, кәріс, украин жас жігіттері мен қыздары ана тілімізде өн салып, макал-мәтелдеп сөйлегенде «мен – қазақпын» деген талайды жаныздырған. Осы бауырмалдық үрдісті жан-жақты жүргізуіміз керек.

Осы айтылған мәселелерді орындай отырып, біз халқымыздың жартысына жуығы басқа ұлттар мен ұлыстар екенін ұмытпауымыз қажет.

Амал не, тарихымыз осылай болды. Бұған ешкімнің кінәсі жоқ. Ел ішін бүлдіріп: «Ой, қашанғы осыны айта береміз», — деп жүрген ұрда-соқ ағайынның сөзі жауапсыздық болып табылады. Жаңа ғана қанаты қатайып келе жаттқан төуелсіздігіміздің асыл діңгегі — ел ішінің татулығы, тыныштығы болады. Бұл, ең алдымен, бізге — қазақтарға өте қажет.

«Ораза, намаз — тоқтықта» дегендей, экономикалық, саяси, әлеуметтік даму, мәдени мұрамызды сақтап, ана тілімізді өркендету — бәрі-бәрі ел іші тыныш, іргесі бүтін, ұлттары тату, ынтымағы жарасқан жағдайда ғана мүмкін болатынын ешқашан естен шығармағанымыз жөн.

Отбасында екеу келіспесе — шаңырақ шайқалады, екі басшы келіспесе — компания күйрейді, ал ел ішінде ұлт пен ұлыс арасында жанжал шықса — мемлекет құлайды.

Сондықтан, шынын айтсақ, бұл жерде екі мәселе бар.

Біріншіден, айтылған шараларды еш ұлттың құқығын кемітпей шешу қажет. Қазақша білмейтін өз қандастарымыздың аз емес екендігін ұмытпаған жөн.

Екіншіден, жоғарыда айтқандай орыс тілі дәл бүгін бізге қажет қазына. Дүниедегі өркенеті елдердің білім, технологиясына біз осы тіл арқылы шығып отырмыз.

Дүниеде қазір ағылшын тілі бизнестің, ең жоғары технологияның тілі болды. Ал біз ағылшынған орысшаға аударылған біліммен жүрміз. Қазақ тілін ондай дәрежеге жеткізуге уақыт қажет.

1991 жылы мен тәуелсіздік жариялаған сәтте еліміздің 40 пайызы — қазақ, 40 пайызы — орыс, қалғаны басқа ұлттар еді. Сондықтан бізді кейбір саясаткерлер «ел бола алмайды» деп жүрді.

Шүкір, қазір жағдай өзгерді, 15 жылдағы табысымыздың бірі – қазақ санының өсуі. Асықпайық, аптықпайық, жеті өлшеп бір кесейік. Сонда еліміз бар арманына жетеді.

— Өткен ғасыр басында үш мәрте әліпби ауысты. Мұның өзі ұлт тарихы мен мәдениетіне аз соққы болған жоқ. Қазірде де кейбір бауырлас республикалар сынды латын алфавитіне көшсек деген пікір айтылып қалады.

— Өткен ғасырда халқымыз ғұмыр бойы пайдаланып келген араб әліпбиі 20-шы жылдардың соңында латын, ал 1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа әліпбимен алмастырылды. Мұның да халқымыздың діліне ықпал-әсері тимей қалған жоқ. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде халқымыз ғасырлар бойғы тілдік дәстүрінен ажырап, өзінің танымы мен пайымын еріксіз өзгертуге мәжбүр болды. Сана мен тілдің үндестігі мен үйлесімі бұзылды. Белгілі орыс тарихшысы, әрі лингвист князь Н. Трубецкой тамсана жазатын «түркі симметриясында» алалық пайда болды.

Өйткені, кириллицаға көшкен кезде түркі халықтарының әркайсысы өздерінің дыбыс үндестігіне орай бірбіріне ұқсамайтын әліпбилер енгізіп, ақырында қойы қоралас жаттқан ағайын қағаз жүзінде өзара ұғыныса алмайтын халге жетті. Түбі бір түркі жұртының ғана емес, бір шаңырақтан өрбіген ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа айтарлықтай сызат түсті.

Мұның бәрі — өктемшіл Орталықтан ескен саясаттың салқын сызынын әсері.

Рас, кейбір бауырлас елдер халықаралық қолданысқа жеңіл деп латын карпіне көшті. Осы келелі мәселені менің алдыма тосқан, оң жауабымды дәметкен тілші, әдебиетші ғалымдарымыз бен қалам қайраткерлері жоқ емес.

Қазірде араб қарпіндегі жазуды үркердей ғана маман болмаса басқа ешкім оқып түсіне алмайды. Латынша жазылған жәдігерлеріміздің де оқу үшін алдымен екіктеп алу керек.

Ал, енді латын карпіне көштік делік.

Сонда соңғы 60-70 жылдан бері таска түскен кириллица әліпбиндегі жазба әдебиетімізді, тарихымызды, түрлі денгейдегі қатынас қағаздарын қайда қоямыз? Кейінгі ұрпақ түсінбейді деп жаппай мұрағатқа өткіземіз бе? Әлде латын карпіне аударып, кері басып шығарамыз ба? Бұл ұланғайыр істі атқаруға болар. Дегенмен, осыдан туындайтын адами, моральдік қиындықтарды ойладық па? Алыста атақұлдігі бар өзге ұлттардың жай-күйіне назар салдық па? Тас та таудың туысқаны, қайда қашып құтыласын?!

Былтыр Жамбыл облысында іссапарда болған кезімде Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің профессоры, көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметов, тіпті: «Руника алфавиті — ұлтымыздың төл жазуы, осы жазуға көшкен жөн», — деп дәлел айтты. Бұл тым ұшқарылау пікір сияқты.

Жалпы дүние жүзінің басым бөлігінде ортақ қолданысқа ие латын әрпіне көшудің болашағы зор деп білемін.

Қазақстандағы тілдік, демографиялық, ұлтаралық факторларды ескере отырып, осы әліпбиге көше қалған жағдайда, оны кемі 10-15 жылдық мерзімге жоспарлау керек. Ал жаңа әліпбидің білім жүйесіне енгізілуін 1-сыныптан бастап, біртіндеп 12-сыныпқа сатылап жүргізген жөн.

Демек, бұл өте сындарлы мәселе. Оны бүйрықпен немесе науқаншылдықпен бір сәтте шешу мүмкін емес. Жалпы ұлт тағдырына қатысты кез келген іске адамгершілік көзқарас тұрғысынан келмесек, ақиқаттан аттап кетеміз.

— Сіз қазақша келістіріп жаза да, кемел сөйлей де білесіз. Дұрыс жазу мен сөйлеу орфографиялық және орфоэпиялық заңдылыққа негізделеді. Ал кейінгі жылдары әркім өз қалауынша заңдылық ашып, жазуымыз бір ізге түспегеннен кейін түрлі дау-дамай, қиындықтар да кезігіп жатады.

— Бұл – бас-басына би болғандықтың белгісі. Жалпы орфографиялық сөздікті республиканың тіл білімі саласы бойынша барлық жетекші мамандарының қатысуымен Ұлттық Ғылым академиясының Тіл білімі институты даярлап, Мемлекеттік терминологиялық комиссияның бекітуімен шығарған жөн. Орфографиялық сөздік барлық мектептер, университеттер, арнаулы орта және жоғары оқу орындары, мемлекеттік ақпарат құралдары мен мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін баспалар үшін бұлжымайтын заң ispетті.

Сөз бұзылса, ой да бұзылады. Тіліміз ішкі өуезінен айырылып, сынын жоғалтады. Қазір көптеген электронды ақпарат құралдарында орфоэпиялық заңдылыққа бағынбай, не жазылса дәл солай оқып, қайталайтын дикторларды тыңдап жүрміз. Жалпы біз сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға тиіспіз. Жоғары оқу орындарында, әсіресе журналистика факультеттерінде сөздердің дұрыс айтылуын, олардың белгілі бір заңдылыққа бағынышты-лығын зерделеген арнайы пән өтілгені ләзім.

Тәуелсіздік алғанына 15 жыл толғалы отырған республикамыздың тілші ғалымдары «ана тілім – арым бұл» деп жалаң ұранды жалаулата бергенше неге бір зерделі оқулық жазбасқа? Неге орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктің канондық нұсқасын шығармасқа? Бұл келешек ұрпақ алдындағы өтелуге тиіс парызымыз емес пе? Бұл қадірі басым қазақ тілі алдындағы қасиетті міндетіміз емес пе?

Сөздік жайлы сөз болған соң, 15 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Этимологиялық сөздік» қайтадан толықтырылып жарық көру үстінде. Тіл білімі институты ғалымдары осы маңызды шаруаға аса іждағаттық таныткандары жөн.

Мұнан өзге де диалектологиялық, фразеологиялық, синонимдік, омонимдік, антонимдік сөздік шығарсақ, олар халқым деген әр азаматтың кітап сөресінде сап түзеп тұрса жарасымды емес пе?

— Мемлекеттік комиссияның бірі ономастика мәселелеріне арналған. Егемен еліміздің жер-су атаулары өзгеріп, тарихи жады жаңырған тұста бұл комиссияның атқарар ісі қомақты деп білеміз.

— Бұл комиссияның негізгі міндеті мынадай. Алдымен өзініз айтқандай, республикамыздағы жер-су аттарын ілкі, тарихи атауларына негіздеп қалпына келтіру; екіншісі – айтылуы, жазылуы бұрмаланған елді мекен аттарын ана тіліміздің заңдылығына сай жанадан түзету; үшіншісі – жергілікті ономастикалық комиссиялардың ұсыныстары бойынша елді мекендер, мәдениет және білім мекемелеріне жаңадан ат беру.

Бұл — аса байыптылықты, терең зерттеуді қажетсінетін іс. Жерімізді мекендеген әр ұлт пен ұлыстың намысына, ғасырлар бойы жасасқан құндылықтарына зиян келмейтіндей етіп шешуді талап ететін проблема. Бәзбір азаматтар: «Баяғыдағыдай Орталықтан пәрмен күтіп отыратын кез жоқ. Анық билік өз қолымызда. Отаршылдардан қалған атау мен Кенестік дәуір көсемдерінің атын бір сәтте жойып тынайық. Бағзы кездегі баба тарихына үңілейік. Атамыз еншілеткен атын қайтарайық. Ал, кәне», – деп қыздырмалатады. Дұрыс мәселе. Бірақ бұл тұста да науқаншылдыққа ұрынып қалмайық. Әр нәрсені салқын ақыл, сабырмен шешейік дегім келеді.

— Дегенмен, республика бойынша жүздеген елді мекендер жаңаша атауға ие болды. Аттарын атасақ...

— Атайық... Кейінгі жылдары 2 қала, 4 аудан, 250-дей ауыл, 350-дей білім, мәдениет мекемелерінің атаулары өзгертілілті. Атап айтсақ, Солтүстік Қазақстан облысындағы Совет ауданы – Аққайын, Сергеев ауданы – Шал ақын, Батыс Қазақстандағы Орда ауданы – Бөкей ордасы, Солтүстік Қазақстандағы Целинный ауданы – Ғ.Мүсірепов ауданы болып өзгерді. Ал Шығыс Қазақстандағы Лениногорск қаласына ежелгі Риддер аты қайтарылды.

Мұнымен қоса, Қазақстанның көптеген облыстарындағы елді мекендер бабаларымыз айдар тағып кеткен ажарымен кері табысты. Мысалы: Заря – Ақжар, Георгиевка – Кентүбек, Просторный – Ақой, Пролетар – Ақтүбек, Полевод – Көкжиде, Қызылөскер – Аққұм, Вторая Пятилетка – Қасқасу, Галкино – Зертас, Қызыл Октябрь – Керегетас, Коминтерн – Береке, Октябрь – Құйған, Большевик – Атақоныс, Ильич – Ақниет, Мичурин – Нұрлыжол болып жанарды. Бұл сол өңірде тұрып жатқан ел-жұрттың ортақ келісімімен, арнайы ұсыныстарымен жүзеге асқан игілікті іс. Дәстүр жалғастығы жаңаша үйлесім тауып тұр.

Осы орайда елімізге ұстанар бір шарт – республикалық ономастикалық комиссияның шешімі арнайы Үкімет қаулысымен бекітілгеннен кейін ғана күшіне енуге тиіс. Жоғарыдағы аты аталғандардың бәрі Үкімет қаулысымен бекіді. Ескертерім, «келісіп пішкен тон келте болмас» деген бар, облыстық ономастикалық комиссиялардың жұмысына көңіл толмайды. Қайткен күнде де орысша аталарды өзгертсек болды деген оймен елді мекендерге Жанаәмір, Енбек данқы, Алғабас, Жасампаз, Төнкеріс тәрізді кешегі Кенестік дәуірдің аузымызға салып, санамызға сіңіріп кеткен атауларын ұсынып әуре. Менінше, жер-су атауларына ерекше іждағаттылық қана емес, тарихи таным мен өлкетанушылық мол білім тұрғысынан келген жөн.

Жалпы елді мекендерге кісі аттарын жөнді, жөнсіз қоя бергенді доғару керек. Өйткені, кейінгі жылдары есімін де, енбегін де аса көп ешкім білмейтін бөзбіреулердің атын көшелерге, елді мекендерге, тіпті ауыл мен ауданға беру бәсекеге айналып тұр. Бағзы бабаларымыз атауға аса талғампаздықпен қарап, сол өңірдің сыры мен сымбатына, табиғи ерекшелігіне баса зер салған. Мәселен, Көкшетау, Ұлытау, Үшқоңыр, Қарауыл, Мынтөбе, Аныракай, Есіл, Ертіс, Еділ, Жайық... Осы құлағына өн боп құйылар атауларды Абылай, Жошы, Құнанбай, Исатай, Махамбет, Мөнке деп неге өзгертпеген?

Немесе, Англияда – Шекспирдің, Америкада – Хемингуэйдің, Францияда – Бальзактың атында елді мекен бар ма? Жоқ. Әлде олардың біздің ауылдағы бөленшеден, түгеншеден беделі төмен, халқына сінірген енбегі батымсыз ба?

Демек, ендігі жерде ат жарыстырып, ата салыстырып жататындарға қатан тыйым салуға тиіспіз.

— Қазақ тіліндегі терминдер мәселесі аз әңгімеге арқау боп жүрген жоқ. Заманында ұлттық терминдер қалыптастыруға А. Байтұрсынов бастаған қазақтың небір арыстары аянбай ат салысқан. Термин жасаудың қазіргі жай-күйіне зер салсақ...

— Аханмен иықтас жүрген сол кезгі қазақ зиялыларының қай-қайсысы да термин жасау, оны тілімізге орнықтыру ісінде қалыс қалғаны жоқ. Жалпы,Ахан — бастауыш, баяндауыштан бастап, есімше, көсемшеге дейінгі тіл білімінің бүгінгі қолданысындағы терминдердің түгелге жуығын жалғыз өзі қалыптастырған ғұлама ғалым. Тіпті әдебиеттану ғылымындағы әсіреле, мәнзеу, кейіптеу шендестіру сияқты терминдердің де бас иесіАхан екендігін бүгінгі ұрпақ ол ақталғаннан кейін ғана танып, білді. Жалғыз Байтұрсынов ғана емес, Мағжан – педагогика, Жүсіпбек – психология, Жақып Ақбаев – заң, Халел Досмұхамедов – зоология, физиология, Жұмахан Күдерин – ботаника терминдерін қалыптастыруға ат салысты. Әлімхан Ермеков математикалық терминдерден бастап, жоғары математика курсына дейінгі тұтас терминдер жүйесін жасады. Кейін бұл ізгі дәстүрді Қаныш Сәтбаев ағамыз жалғастырды. Көркем ойдың кеменгерлері Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсірепов те сүбелі үлестерін қосып өтті.

Егемендік алған алғашқы жылдары мемлекеттік терминком мүшелерінің тым асығыс шешім қабылдауы себепті кейбір «әттеген-айлар» да кезікпей қалмады. Мәселен, «дипломат» сөзі. Бұл халықаралық терминді ғалымдарымыз «әмілегер» деп бекітіпті. Сонда «дипломатия» деген қорғасындай салмақты сөз жеңілжелпі «мәміле» болып шыққан. Мәмілені тура мағынасында аударсақ – «сделка». Сонда «дипломатические отношения», «дипломатические сношения», «дипломатический паспорт» дегенді қалай тәржімалауымыз керек? Сондықтан, «дипломатты» – дипломат күйінде қайта бекітіп, жоғарыдағы тіркестерді «дипломатиялық қатынастар», «дипломатиялық қарым-қатынастар», «дипломатиялық паспорт» күйінде терминдер тізіміне енгіздік.

Ілкі кездегі терминкомның үстірттігінен бекіп кеткен сөздер кейін нормативтік-құқықтық актілерге еніп, әбден сініісті боп кетті де, қатені түзете алмай өкінген жайттар аз емес. Сол тұста паспортты – төлқұжат, архивті – мұрағат, музейді – мұражай деп жаңаша атау еншіледік. Мәселен, дүниежүзінің қай еліне барсаңыз да, «паспорт» – паспорт. Маған салса, осынын бәрін қайтадан өз орнына қою керек деп ойлаймын.

Жақында менің қабылдауымда болған Еркеғали Рахмадиев ағамыз композитор деген халықаралық терминнің мәндік деңгейін төмендетіп, сазгер – мелодист, барлық тілде бірдей «пианино» деп аталатын өн боп құйылар кып жібергендерге өкпе-назын білдірді. Дұрыс айтады. «Класс» деген сөзді «сынып» деудің, тоназытқышты «мұзсандық» деудің ынғайын түсіну киын. Айта берсе, біраз сөздерді келтіруге болады. Ендігі жерде асықпай, аптықпай осыларды қайта қарауымыз керек.

Демек, түбірі латын, грек тілдерінен алынып, Еуропа тілдерінің бәріне сініісті болып кеткен термин сөздерді орынсыз қозғаудың реті жоқ. Тілімізде бұрын бар сөзді қолдан жасаған жана терминге танбасақ та ешкайда кетпейді, тілдік қорымызда сақталады. Ал, түбірі таза орыс, славян тілдерінен алынған сөздерге қазақша балама табуға болады деген пікірді толық қуаттаймын. Бұл істе термин жасауда қалыптаса бастаған онтайлы үрдіс те бар. Мәселен, самолетті – ұшақ, вертолетті – тікұшақ деп тілімізге өте сәтті термин енгіздік.

Ендігі жерде, әрбір терминді бекітуде оның орыс, түрік, еуропа тілдеріндегі нұсқаларына салыстырмалы талдау жасап, қазақ тілінің тілдік нормасына сәйкесін ғана қабылдаған жөн.

Демек, талай ғасырдан бері тарихы бар, қолданыс аясы әлемнің түгелге жуық өркениетті елдерін қамтыған, өзгеріске түссе де әр халықтың тілдік ерекшелігіне сай аздаған фонетикалық ауытқуы бар халықаралық терминдерге абай болайық.

— «Мәдени мұра» бағдарламасы аса ауқымды жұмыс атқарды. Келешекте де жалғасын таба ма!

— Бұл өзі кең көлемде, жан-жақты жоспарланған игілікті іс. Экономикамыз қарқынды дамуда, орнықты саясаттың арқасында ел-жұрт тыныш, бейбіт өмір сүруде. Бұл – бүгінгі күннің кілбеті.

Ал рухани қажеттілік ше? Кешегі қыр асып кеткен қоныраулы керуендей қоламтасы бар да, өзі жоқ бағзы тарихымызы бен көз жазып қалған жәдігерлеріміз ше? Тілдің ұшында, бармақтың басында қалған өнеріміз ше? Шет жұрттың қоймаларында іздеусіз жаткан көгенкөз көнеліміз ше? Осы қадірлімізді жоқтамай, түгендемей, бізде бәрі де бар, бізде бәрі де жоқ деп бүгінгінің қызығын қуып, қашанғы екі етегін деленден шаба беруге болады?

Бұл бізге аталардың арқалатып кеткен аманаты ғой, біле білсек.

Міне, «Мәдени мұра» бағдарламасы осындай толғақты ойдан туып, жүзеге асқан. Шүкір, әдебиет пен мәдениет, өнер, ғылым қайраткерлерінің күшімен ұлан-ғайыр іс атқарылды. Мұражайларымыз толықты, кітапханаларымыз молықты. Мәселен, «Бабалар сөзі» сынды 100 томдық көл-көсір ауыз әдебиеті қазақтан басқа қай елдің пешенесіне жазылған байлық?!

Шетел классикасы да тікелей қазақ тіліне тәржімаланып жатыр. Тіліміз қаншама жаңа шығарма, тірі сөз, тосын теңеу, тыңғыр тіркеспен байиды. Экономика, заң, психология сынды алуан салада соны терминдер қолданыска түседі. Осынын бәрі қазақ тілінің дамуына салынған сыбаға, олжа емес пе?

Демек, бұл аз жылдың құшағында қаусырылатын шаруа емес. Жылдан-жылға өрістеп, жалғасын таба түспек.

Ұлы қазыналы ұсынақты жинап, рухани айналысқа түсіріп, ғұмыр бойы тағдырмен тайталасып өткен халқымыздың арзу-арманын ұрпақ қолына табыстап кетсек, алға қойған мақсатымыздың орындалғаны.

— Сіз «Тарих толқынында» атты кітабыңызда: «Еуразияның мейлінше бай мәдениеттерінің бірі ретінде қазақ тілі мен мәдениетін саналы түрде игеруге дайын болудың да мәні зор», — деп жазғансыз. Анығын айтқанда, өзге тілді отандастарымыздың қазақ тілін үйренуге деген ынтасына көңіліңіз тола ма!

— Ен алдымен, мемлекеттік қызметте жүрген азаматтардың тілдік дайындығын күшейтуге баса назар аударуы керек. Мен қазіргі тілдік ахуалды саралай келгенде, оларды оқытудың тиімді әдістемесі жоқ па деген де ойға келемін. Былай қарасаңыз, тиісті курстар, үйірмелер жұмыс істейді, тілдік орта бар. Ендеше, шет тілін тез үйреніп алып жүрген отандастарымыз қазақ тіліне келгенде, не себепті зеректік таныта алмай қалады?

Демек, бізге жақсы бағдарламалар, әдістемелік құралдар, сапалы оқулықтар керек. Адамдардың бойына ана тілімізге деген сүйіспеншілік сезімін терең сіңіре алатын білікті ұстаздар керек. Сайып келгенде, біздің өзіміздің ынта-ықыласымыз керек. Қайталап айтайын: «қазақпен қазақ қазақша сөйлесіндер, балаларының тілін қазақ тілімен ашындар». Туған тілімізге деген ілтипат туғыза алатын онтайлы тетіктерді таба білуіміз керек.

Маған сенім грамоталарын тапсыруға келген елшілердің өзі қазақша сөйлеуге тырысады. Өйткені, шетелдіктер үшін қай елде жұмыс істеуге келмесін, сол халықтың тілін үйрену, өнерімен танысу, ұлттық дәстүрін қастерлеу, өзіндік төлімтөртбін мойындау парыз боп есептеледі. Мұнын бір ұшы адамның ішкі мәдениетінде, парасаты мен ой-өріс озықтығында жатыр.

Жалпы қазақ тілін үйренемін деушілер саны жылдан жылға артып келеді.

Қазірдің өзінде мемлекеттік тілге республиканың бес облысы мен Алматы қаласы көшіп отыр. 2010 жылға дейін бұл мәселе тұтастай шешімін таппақ. Барлық қатынас қағаздары ана тілімізде жүргізіледі. Сол кезде тек аудармашылардың қызметіне иек сүйеп отырған кейбір жауапты қызметкерлер «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкініп қап жүрмесін. Бұлғақ заманы бітеді де, нақты да қатал сұраныс туады. Осы бастан дайын болайық.

— Мемлекеттік тілдің ендігі жердегі перспективасы, заңнамалық аясы қандай дәрежеде болады деп ойлайсыз!

— Үш бірдей мәселені бағдар ғып ұстану керек.

Біріншіден, Тілдер туралы Заңды қайта қарап, қажет болса замана талабына сай өзгерістер енгізу;

Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілі 50 пайыздан кем қолданысқа түспеуі тиіс.

Үшіншіден, 2010 жылға дейін жасалған Тілдерді дамыту туралы бағдарламаға тиісті толықтырулар енгізіп, әр облыстың мемлекеттік тілге көшу кестесін қатаң бақылау қажет.

Міне, осы шаралар толық іске асқанда ғана Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деп нық сеніммен айта аламыз.

— Ал «Тарих толқынында» атты кітабыңызда тіл жайлы кереметтей теңеу келтіріпсіз...

— Иә, «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі», — деп жазғанмын. Бұл халқым деп, қабырғалы қазағым деп, тайсаң – таған, тарықсаң – панаң боламын деп айтқан имани сөзім!

— Қадірлі Нұраға, қалың оқырмандарымыздың атынан мазмұнды, көңілімізге нұр сепкен әңгімеңіз үшін Сізге мың да бір рахмет!

туған тіл

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Әдебиет пен өнер қайраткерлері ортасында